0308 ХФТ

Жүз жиырма бірінші тарау — Иса Жоғарғы кеңес алдында

Армысыз, ардақты ағайын, қымбатты тыңдарман! «Үміт ұшқыны» бағдарламасының кезекті санына қош келдіңіздер. Студияда сіздермен бірге — жүргізуші мен Сабыр. Сіздермен эфир арқылы қайта қауышып отырғаныма қуаныштымын. Біз Киелі Жазбаның Жаңа Өсиетіндегі алғашқы кітап — Матай жазған Ізгі хабармен танысып келеміз. Бүгін біз «Иса Жоғарғы кеңес алдында» деген тақырыпты қарастырамыз.

Иса өмір сүрген заманда елде екі түрлі сот болды. Соның бірі — Кеңес немесе Жоғарғы кеңес деп аталатын діни сот еді. Оның құрамына дін басшылары кірді. Олар Исаны жалған пайғамбар деп санап, Мұса заңын бұзды деп айыптады. Қалай болғанда да Оны жазалаудың жолын іздеді.

Исаның азап шегуінің алдындағы аптада болған оқиғалар яһуди халқының астанасы Иерусалим мен оның төңірегінде өтті. Иса Өзі таңдаған он екі шәкіртімен Құтқарылу мейрамын атап өтті. Содан кейін оларды қаладан бастап шығып, Кедрон аңғары арқылы Гетсимани бағына алып барды. Сол жерде Ол оңаша мінажат етті. Әкесінің еркін орындауы үшін Оған көктен періште келіп, күш берді. Дәл сол жерде таңдаған шәкірттерінің бірі Оған опасыздық жасады.

Билік иелері түнде бақта Исаны тұтқындаған жасақшыларға Оны өздеріне алып келуді бұйырды. Осылайша Матай жазған Ізгі хабардың 26-тарауының 57–68-аяттарында Исаның сот алдында тұрғанын көреміз.

Исаны тұтқынға алғандар Оны бас діни қызметкер Қаяфаға апарды. Сол жерге дін мұғалімдері мен рубасылар жиналған болатын. Петір Исаға алыстан, бас діни қызметкердің сарайының ауласына дейін, ілесе отырып, ішке кірді. Істің немен бітетінін көру үшін сақшылардың қасына барып отырды.

Сол кезде басты діни қызметкерлер мен бүкіл Жоғарғы кеңес Исаны өлімге кесу үшін Оған қарсы жалған айғақтар іздестірді. Алайда көптеген куәгерлер алға шығып, өтірік айтса да, Оған тағатын бірде-бір дәлелді айып табылмады. Ақырында екі кісі алға шығып, Исаны былай деп кінәлады:

— Мынау: «Құдайдың киелі үйін бұзып, үш күнде қайта тұрғызу қолымнан келеді!» дейтін.

Сонда бас діни қызметкер орнынан тұрып, Исадан:

— Ешқандай жауап бермейсің бе? Мыналар Саған қарсы не деп куәлік беріп тұр? — деп сұрады. Бірақ Иса үндемеді. Сонда бас діни қызметкер Оған:

— Мәңгі тірі Құдайдың алдында ант етіп, бізге айтып бер: Сен Құдайдың рухани Ұлы — Мәсіхсің бе? — деген сұрақ қойды. Иса:

— Өзіңіз айтып тұрсыз. Сіздерге мынаны да айтамын: Менің Билеуші ретінде Құдірет Иесінің оң жағында отырғанымды әрі аспандағы бұлттармен келе жатқанымды әлі көретін боласыздар! — деп жауап берді. Сонда бас діни қызметкер шапанының өңірін айыра жыртып: — Ол Тәңірге тіл тигізді! Енді куәгерлердің қажеті қанша? Қорлық сөздерін өз құлақтарыңызбен естідіңіздер! Бұған қалай қарайсыздар? — деп дауыстады. — Жиналғандар: — Ол өлім жазасына лайық! — деп жауап қайтарды. Сонда олар Исаның бетіне түкіріп, жұдырықтады. Кейбіреулері Оның жағынан тартып-тартып жіберіп: «Әй, Мәсіх, пайғамбар болсаң, Сені кім ұрды, бізге айтып берші!» — деп келекеледі.

Бұл сотта не болғанын түсіну үшін Жоғарғы кеңестің іс-әрекеттеріне мұқият назар аударайық.

КЕҢЕСТІҢ ЖИНАЛУЫ

Кеңестің қалай жиналғаны кейінгі істің барысын айқындады. Елдегі екі соттың бірі — азаматтық, екіншісі діни істерді қарайтын. Исаны алып келген жер — діни сот еді. Бас діни қызметкерге қатысты мәселелерді, соның ішінде оны тағайындау мен соттауды, сондай-ақ жалған пайғамбарларға тағылған айыптарды қарау осы кеңестің құзырына жататын. Сол кезде оның билігі едәуір зор болды. Кеңес жетпіс мүшеден және оған төрағалық ететін бас діни қызметкерден, барлығы жетпіс бір адамнан тұрды.

Әдетте кеңес таңертеңгі және кешкі құрбандық шалу уақыттарының арасында жиналатын. Ал бұл жолы сот түнде өтті. Бұл — әдеттегі тәртіптен бөлек жағдай. Мәжіліске бас діни қызметкер төрағалық етті. Кеңес Исаға қарсы куәлік беретін адамдарды жинауға кірісті. Олардың айтқандары Исаны айыптап, үкім шығаруға негіз болуы керек еді. Бірақ Киелі Жазбада олардың шындықты айтпайтын жалған куәгерлерді іздегені анық көрсетілген. Олар қалай да Исаға қарсы айып құрастырып, Оны соттауға тырысты. Көптеген куәгер келгенімен, олардың сөздері бір-бірімен үйлеспеді. Осыдан-ақ соттың қандай бағыт ұстанғанын көреміз.

АЙЫПТАУДЫ БАҒЫТТАУ

Ақырында екі жалған куәгер алға шықты. Мұса заңы бойынша қандай да бір айыпты растау үшін сөздері өзара сәйкес келетін екі немесе үш куәгер қажет болатын. Осы екі адам Исаның Құдайдың киелі үйін бұзып, үш күнде қайта тұрғыза алатынын айтқанын алға тартты. Алайда олар Исаның сөздерін

бұрмалады. Ол киелі үйді Өзі қирататынын айтқан жоқ. Ғибадатхананы бұзу және үш күнде қайта тұрғызу туралы айтқанда, Иса тауда тұрған ғимаратты емес, Өзінің денесін меңзеген еді. Ал айыптаушылар Оның сөзін Мория тауындағы Құдайдың киелі үйіне қатысты етіп көрсетті.

Осы екі куәгер сөйлеп болғаннан кейін, бас діни қызметкер орнынан тұрып, Исадан жауап беруін талап етті. Бірақ Иса ештеңе айтпады. Ол үнсіз қалды. Сонда бас діни қызметкер Одан тірі Құдайдың алдында ант етіп, Өзінің Құдайдың Ұлы — Мәсіх екенін не олай емес екенін ашық айтуын талап етті. Осы кезде Иса жауап берді. Ол Жоғарғы кеңестің тәртібін білді және Өзіне қандай сұрақ қойылғанын түсінді. Оның «Өзіңіз айтып тұрсыз» деген жауабы Өзінің Құдайдың Ұлы — Мәсіх екенін растады. Бұдан кейін Ол олардың Өзінің Құдірет Иесінің оң жағында отырғанын әрі аспандағы бұлттармен келе жатқанын көретінін айтты.

Иса шындықты айтты. Ол Өзінің кім екенін жасырмады және одан бас тартпады. Осы соттың әрекетіне назар аударыңыз: алдымен жалған куәгерлерді алға шығарды, содан кейін Исадан антпен жауап беруді талап етті. Ал Иса берген шынайы жауапты Оған қарсы айыпқа айналдырды.

АЙЫПТЫ ДЕП ТАНЫП, ҮКІМ ШЫҒАРУ

Бас діни қызметкер Исаның жауабын естіген бойда әрекет етті. Ол бұл сөздерді Құдайға тіл тигізу деп қабылдады. Ал Құдайға тіл тигізу өте ауыр қылмыс саналатын. Бас діни қызметкер Исаның Өзі туралы айтқанын жалған мәлімдеме деп түсінді. Сондықтан енді куәгерлердің қажеті жоқ екенін, жиналғандардың бәрі Оның сөзін өз құлағымен естігенін жариялады. Бас діни қызметкер Исаны тек адам ретінде ғана көрді. Оның адам болып келген Құдай екенін мойындамады.

Содан кейін ол кеңес мүшелерінен пікірлерін сұрап, үкім шығаруға шақырды. Олар Исаны өлім жазасына лайық деп шешті. Олардың пайымынша, Оның айтқаны жалған әрі өлімге лайық айып еді. Алайда бұл жерде Исаның шындықты айтқаны үшін сотталғанын көреміз. Бұдан кейін олар Оның бетіне түкіріп, жұдырықтай бастады. Кейбіреулері жағынан ұрды, өзгелері келекеледі. Осылайша Жоғарғы кеңес Исаны өлімге кесті. Алайда Рим билігінің қол астында болғандықтан, олардың бұл үкімді өз бетінше орындауға өкілеттігі жоқ еді. Осы жерде Өз халқының дін басшылары Оны қабылдаудан бас тартқанын көреміз. Олар Исаны білгенімен, Оның шын мәнінде кім екенін танымады. Өздері көріп тұрған осы адамның Құдайдың Ұлы екенін қабылдай алмады.

Қымбатты досым, біздің мәңгілік тағдырымыз Исаға кім деп сенетінімізге байланысты. Оны Құдайдың Ұлы ретінде қабылдап, өмірімізге әкелетін жарылқауларына кенелейік. Ардақты тыңдарман, бүгінгі оқиға бізді шындыққа жүрегімізді ашуға шақырады. Өз түсінігімізге ғана байланып қалмай, Исаның сөзіне құлақ асып, Оны тереңірек тануға ұмтылайық. Қысым мен әділетсіздікке тап болғанда да, Иемізден үлгі алып, шындықтан таймайық. Оған деген сеніміміз күнделікті өмірімізде адалдық, сабыр және сүйіспеншілік арқылы көрінсін.